

ХАТТАМА №1

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесі құрамын жаңадан сайлау;
2. Қамқоршылық кеңесі құрамын жұмыс ережесімен таныстыру; мүшелері арасында міндеттерді бөлу.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну;
4. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының барысы туралы ақпарат;

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша мектеп директоры Алиева Г.С сөз сөйледі. Жаңа 2026-2027 оқу жылына жаңадан қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілді. Кеңес мүшесінің төрайымы Спанова Меруерт Ахатаевна, демеушісі Абдрахманов Болат Укубаевич, мүшелері кәмелет жасқа толмағандардың инспекторы полиция капитаны Суиндикова Азия Ерулановна, Тайтөбе ауылы мешітінің бас имамы Бекмағамбетов Амангелді Махмұтович, өзін-өзі басқару ұйымының президенті Умарова Жұлдыз Пейсенбайқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов Ауез Махамбетович, ұйымдастырушы Амзина Сәрсенгул Жумашовна, кеңес хатшысы Жумабаева Айгул Азамтовна болып сайланды.

2-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М тыңдалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілгенін атап өтті. Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық қатысу мен қолдау көрсету, білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстарына тоқталды. Кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің міндеттері мен өкілеттіктері түсіндіріліп, өз қызметінде қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарды басшылыққа алу қажеттігі айтылды. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен жұмыс тәжірибесіне тоқталып, ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері арасында жұмыс бағыттары мен міндеттерін бөлу қажеттілігі туралы келісім жасалды.

3 мәселе жұмыс жоспарын құрылып, бекітуге ұсынылды. Жоспар бойынша жылына 5 отырыс. Жұмыс жоспарына білім алушыларды әлеуметтік қолдау, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал ету,


мектепішілік іс-шараларға ата-аналарды тарту, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру және мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты дамыту бағыттарын енгізу ұсынылды.

4-мәселе бойынша «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының өткізілу барысы туралы әлеуметтік педагог Жұмабаева А.А ақпарат берді. Акция аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясына мектептің педагогикалық ұжымы белсенді қатысып, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан білім алушыларға қажетті қолдау көрсетілгені атап өтілді. Қамқоршылық кеңес тарапынан әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бұйрықпен бекітілсін;
2. Қамқоршылық кеңесінің қызметі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қызметтері атқарылсын;
3. Жылдық жоспар бекітіліп жоспар бойынша жұмыстар атқарылсын;
4. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету жұмыстары жалғастырылсын;

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:



Жұмабаева А.А